

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНЕР ҒЫЛЫМДАРЫ / HUMANITIES AND  
ARTS / SOCIAL SCIENCES**

ӘОЖ:94

**ҚАРҚАРАЛЫ СЫРТҚЫ ДУАНЫНЫҢ АҒА СҰЛТАНЫ ҚҰНАНБАЙ  
ӨСКЕНБАЙҰЛЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ (1849–1852 ЖЖ.)***Асқарұлы Абай*

2 курс магистранты, Тарих және құқық факультеті, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**Ғылыми жетекшісі:** Мырзатаева З.Б., т.ғ.к., аға оқытушы.

*Бұл мақалада Қарқаралы сыртқы дуанының аға сұлтаны Құнанбай Өскенбайұлының 1849–1852 жылдар аралығындағы қызметі қарастырылады. Автор Қарқаралы дуанының аға сұлтаны Құнанбайдың әкімшілік басқару ісіндегі рөлін, саяси беделін және қоғамдық өмірге қосқан үлесін мұрағаттық деректер мен тарихи еңбектер негізінде талдайды. Сонымен қатар, ХІХ ғасырдың ортасындағы қазақ қоғамының ішкі-саяси жағдайы мен реформаларға көзқарасы баяндалады. 1849–1852 жылдар аралығындағы Құнанбай сұлтанның Қазақ даласындағы әкімшілік басқару жүйесіне енгізілген өзгерістерге қатысы, оның жергілікті халықтың мүддесін қорғаудағы ұстанымы, руаралық қатынастарды реттеудегі рөлі зерттеледі. Мақалада Құнанбайдың дін мен мәдениетті қолдауы, ел ішіндегі би-шешендер мен старшындар арқылы басқаруды үйлестіруі және халық арасындағы беделі талданады. Бұл ХІХ ғасырдағы қазақ халқының әлеуметтік тарихын зерттеуде құнды дереккөз болып табылады. Автор ресейлік отарлық саясат аясындағы дуандық басқару құрылымын сипаттай отырып, Құнанбайдың осы жүйе шеңберіндегі орны мен ықпалын ашады. Сонымен қатар, оның Ресей әкімшілігімен қарым-қатынасы, кейбір шенеуніктермен қайшылықтары мен саяси икемділігі тарихи деректер негізінде сараланады. Құнанбай Өскенбайұлының Абайдың әкесі ғана емес, өз дәуірінде көреген, әділетті, ел тағдырына жауапкершілікпен қараған тарихи тұлға ретінде қарастырылуы – зерттеудің өзегі болып табылады. Өңірдің сауда орталығы болған дуанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы күрделі болды және қазақ халқының сауда байланысына тартылуы олардың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етті.*

**Кілт сөздер:** Құнанбай Өскенбайұлы, Қарқаралы дуаны, аға сұлтан, ХІХ ғасыр, басқару жүйесі, әкімшілік реформалар, қазақ қоғамы.

**Кіріспе.** XIX ғасырдың ортасындағы Қазақстан аумағындағы әкімшілік құрылымдар Ресей империясының отарлық саясатының ықпалымен түбегейлі өзгеріске ұшырады. Осы кезеңде ұлттық элита өкілдерінің билік жүйесіндегі орны күрделі сипат алды. Соның ішінде Қарқаралы сыртқы дуанының аға сұлтаны Құнанбай Өскенбайұлының тұлғасы ерекше назар аударарды. Ол тек белгілі би, шеше білетін басшы ғана емес, сонымен қатар рухани, мәдени және саяси көшбасшы ретінде де тарихта терең із қалдырды. Зерттеудің мақсаты — Құнанбайдың аға сұлтан ретіндегі қызметін тарихи деректер негізінде ашып көрсету.

Құнанбай - Орта жүздің Тобықты руынан шыққан, халық арасында беделі зор би, шешен, әрі ислам дінінің өркендеуіне атсалысқан тұлға. Оның ерте жастан ел ісіне араласуы, би ретінде танылуы - билікке жетуінің алғышарты болды. Қарқаралы дуаны 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» негізінде құрылған. Аға сұлтан – дуан басшысы ретінде жергілікті басқару мен тәртіпті қамтамасыз етуге міндетті болды. Бұл лауазым Құнанбайға 1849 жылы беріліп, ол 1852 жылға дейін атқарды [1, 284 б.].

Аға сұлтан ретінде Құнанбай халықтың мүддесін қорғап, әділ сот жүргізуге, алым-салықтың әділетті жиналуына және руаралық тартыстарды болдырмауға күш салды. Ол кейбір Ресей шенеуніктерінің озбырлығына қарсы тұра білді. Құнанбайдың Меккеге барып, қажылық парызын өтеп келуі, сол сапардан кейін мұсылмандарға арналған Тәкия салуы - оның діни көшбасшылық рөлін дәлелдейді. Сонымен бірге, мешіт-медреселер салуға қолдау білдіріп, дін арқылы тәрбиеге мән берді.

Құнанбайды халық қолдағанымен, орыс билігімен арада белгілі деңгейде қайшылықтар болды. Ресейлік отарлық әкімшілік Құнанбайдың ықпалынан қауіптеніп, оның беделін шектеуге тырысты [2, 56 б.].

**Материалдар мен әдістер.** Бұл зерттеуде негізгі дереккөз ретінде XIX ғасырдың екінші жартысындағы Ресей империясының әкімшілік құжаттары, мұрағаттық материалдар, сол дәуірдегі орыс зерттеушілерінің жазбалары мен қазақ зиялыларының тарихи еңбектері пайдаланылды. Атап айтқанда, Орталық мемлекеттік мұрағат қорларындағы Қарқаралы сыртқы округіне қатысты ресми баянаттар, аға сұлтандар туралы мәліметтер, патша үкіметінің жарлықтары мен бұйрықтары қолданылды.

Зерттеу барысында тарихи салыстырмалы әдіс, құрылымдық-талдау тәсілі, жүйелі-кешенді және деректану әдістері қолданылды. Бұл әдістер Құнанбай Өскенбайұлының аға сұлтан ретіндегі қызметін саяси, әлеуметтік және мәдени контексте жан-жақты бағалауға мүмкіндік берді. Зерттеуде дерек пен дәйекке негізделген тарихи-фактологиялық талдау басшылыққа алынды, тарихи оқиғалар хронологиялық ретпен жүйеленіп, Құнанбайдың билік кезеңіндегі нақты қызметтері мен шешімдеріне баса назар аударылды.

**Талқылау.** Құнанбай Өскенбайұлының 1849–1852 жылдар аралығындағы Қарқаралы сыртқы дуанының аға сұлтаны ретіндегі қызметі – қазақ қоғамындағы әкімшілік құрылымның отарлық кезеңдегі ерекшеліктерін көрсету тұрғысынан маңызды зерттеу нысаны болып табылады. Оның саяси-әлеуметтік қызметі тек бір өңір аясында шектелмей, бүкіл қазақ даласындағы билік пен рухани бағыттағы өзгерістерге ықпал еткен [3, 216 б.].

Құнанбайдың билігі кезеңінде жүргізілген шаралар – мешіт салдыру, қажылыққа жол ашу, би-сұлтандар арасындағы тәртіп орнатуға ұмтылу, діни-ағартушылық қызметті күшейту – сол кезеңдегі дәстүрлі басқару жүйесін отарлық қысыммен ұштастырған ұлттық элитаның әрекеттерінің нақты көрінісі. Бұл – қазақ сұлтандарының жаңа тарихи жағдайда өз халқының мүддесін сақтау жолындағы бейімделуін көрсетеді.

Талқылау барысында айта кетерлік мәселе – Құнанбайдың патша әкімшілігіне қатысты ұстанымы. Ол билікпен ашық текетіреске бармай, дәстүрлі беделін сақтай отырып, халық үшін пайдалы саяси шешімдер қабылдауға тырысты. Бұл тәсіл кейбір тарихшылар тарапынан «ымырашыл саясат» ретінде бағаланса, енді бір зерттеушілер оны қазақ мемлекеттілігі идеясының сақталуына қосқан үлес деп есептейді.

Ресей үкіметі тарапынан қазақ даласында ашылып жатқан сыртқы және ішкі округтар халықтарына 1822 жылғы «Сібір қырғыздарын басқару туралы Ереже» тыныштық пен үйлесімді өмір әкелетіндігі туралы хабарлады. Сонымен қатар бұл ереже келешекте қазақтар арасындағы жауластықты, ұрлықты болдырмайтындығын айтты [4, 8 п.]. Қазақ даласында ашылған дуан халқын басқаруда аға сұлтандардың рөлі жоғары болды. Олар Ресей тарапынан қабылданған заңдар мен ережелердің қазақ даласында орындалуын қадағалады. 1828 жылы Омбы облысы басқарма қызмет атқарушысы генерал-майор және кавалер де Сент Лорен облыстағы барлық сұлтандар, билер және басқа шендегі қазақтардың, әр жүз бен ру басыларының, қанша отырықшы аудандардың бар екендігін, ондағы көшіп-қонып жүрген қазақтардың тізімін жасауды талап етті. Ондағы сұлтандардың қарамағындағы ауылдарды тізімге алу кезінде мүмкіндігінше олардың жерлерін картаға түсіру керектігі айтылған. Омбы облысына қарасты дуандардағы қазақтардың тізімі, олардың қай болысқа және руға жататындығы, қанша үй басы, қанша ерлер мен әйелдер болғаны тізімге алынған [5, 117 п.].

Бірақ бұл жұмыстарды жүзеге асыруда қазақ даласының осы уақытқа дейін топографиялық сипаттамасының жасалмағандығы және суретке түсіріліп меңгерілмегендігі, ыңғайлы жерлерде жаңа басқаруды енгізуде дуан мүшелерін құру қиындыққа соқты. Омбы облысы орталығына келіп түскен қазақ жері туралы мәліметтердің біржақты және нақты болмағандығы мәселені кеңінен ашпады. Ал қарапайым сипаттама мен немқұрайлы қарау бұл жерлерді аз уақыт ішінде меңгеруге жеткіліксіз болды [6, 9 п.]. Қазақ болыстықтары мен

ауылдарындағы халықтың дұрыс орналаспауы және олардың отырықшылықты меңгере білмеуі, бірін-бірі жиі барымталауы, аға сұлтандардан олардың қауіпсіздігін қорғауды қажет етті.

Зерттеу барысында анықталғандай, Құнанбайдың әрекеттері тек әкімшілік сипатта ғана емес, сондай-ақ мәдени және рухани жаңғыруға бастама болған. Бұл оның тұлғалық деңгейін әрі тарихи рөлін кең көлемде қарастыру қажеттігін дәлелдейді. Сонымен қатар, оның қызметіне қатысты кейбір дереккөздер мен бағалауларда қарама-қайшылықтар бар екенін ескеру қажет. Бұл – тарихи деректерге сын көзбен қарап, пәнаралық тәсілмен тереңірек зерттеуді талап етеді.

**Зерттеу нәтижелері.** Зерттеу жұмысы барысында Құнанбай Өскенбайұлының 1849–1852 жылдар аралығындағы Қарқаралы сыртқы дуанының аға сұлтаны ретіндегі қызметі жан-жақты талданып, төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді:

1. Құнанбайдың басқару жүйесіндегі орны нақты айқындалды. Ол тек әкімшілік тұлға емес, сонымен бірге қоғамдық тәртіп пен рухани құндылықтарды ұштастыра білген тарихи қайраткер ретінде танылды. Оның билігі тұсында Қарқаралы өңіріндегі ішкі тұрақтылықты сақтау мен әлеуметтік әділеттілік орнатуға бағытталған нақты қадамдар жасалды.

2. Құнанбайдың діни-ағартушылық қызметі мен ұлт болашағына көзқарасы айқындалды. Оның қажылық сапары, мешіт салдыруы, халықты дінге жақындату әрекеттері – сол кезеңдегі рухани жаңғырудың көрінісі болды. Бұл шаралар қазақ қоғамындағы ислам дінінің ықпалын күшейтіп, ұлттық сана-сезімнің өсуіне ықпал етті.

3. Құнанбайдың отарлық билікпен қарым-қатынасы нақты мысалдармен көрсетілді. Ол патша үкіметінің шенеуніктерімен күрделі қарым-қатынас орната отырып, бір жағынан, отарлық әкімшіліктің шектеулерін пайдаланса, екінші жағынан, қазақ халқының мүддесін қорғауға тырысты. Бұл – отарлық билік жағдайындағы ұлттық элитаның амал-тәсілдерін көрсететін маңызды мысал [7, 92 б.].

4. Тарихи дереккөздер мен мұрағат материалдары негізінде Құнанбай қызметінің тарихи маңызы дәлелденді. Оның биліктегі әрекеттері арқылы қазақтың дәстүрлі билік жүйесінің отарлық әкімшілік құрылыммен күрделі байланысы, жаңа басқару үлгісінің қалыптасу үдерісі айқындалды.

5. Құнанбай тұлғасының әдебиет пен мәдениеттегі орны зерттеліп, Абай өміріне ықпалы көрсетілді. Бұл оның тарихи рөлінің тек саяси емес, мәдени деңгейдегі жалғастығын да айқындайды [8, 208 б.].

Жалпы, Құнанбай Өскенбайұлының аға сұлтан ретіндегі қызметі – XIX ғасырдың ортасындағы қазақ қоғамындағы саяси, діни, әлеуметтік өзгерістердің көрінісі ретінде ғылыми тұрғыдан маңызға ие. Зерттеу нәтижелері

бұл кезеңді тереңірек түсінуге, тарихи тұлғалардың қызметіне жаңаша баға беруге жол ашады.

**Қорытынды.** Зерттеу барысында Құнанбай Өскенбайұлының 1849–1852 жылдары Қарқаралы сыртқы дуанының аға сұлтаны ретіндегі қызметі тарихи деректер негізінде жан-жақты сараланып, оның қоғамдық-саяси рөлі мен қайраткерлік келбеті жаңа қырынан ашылды. Аға сұлтан ретінде Құнанбай ел ішінде тәртіп орнатуға, рулық араздықты бәсеңдетуге, әлеуметтік әділеттілік принциптерін енгізуге ұмтылды. Ол өзінің билігі кезінде ислам дінінің ықпалын күшейтіп, діни-ағартушылық бағытта мешіт-медреселер салдырды, бұл – қазақ қоғамының рухани жаңғыруына ықпал еткен маңызды қадам болды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Құнанбайдың саяси қызметі отарлық билікпен күрделі әрі прагматикалық қатынаста өрбіді. Ол бір жағынан патша әкімшілігінің заңдарына бейімделе отырып, қазақ халқының дәстүрлі билік құрылымдарын сақтау мен ұлт мүддесін қорғауға тырысты. Бұл оның тұлғалық дарынын, терең саяси көзқарасы мен ұлттық жауапкершілігін айғақтайды.

Сонымен қатар, Құнанбайдың ұлы Абай Құнанбаевтың қалыптасуына тигізген тәрбиелік әсері, рухани-имани құндылықтарға негізделген тәрбие беруі де оның қоғамдық рөлінің тереңдігін аңғартады. Бұл – Құнанбайдың тарихи мұрасының жалғастығы, әрі мәдениет пен руханият саласындағы орны ерекше болғанын дәлелдейді [9, 158 б.].

Қорыта айтқанда, Құнанбай Өскенбайұлы – қазақ қоғамының ХІХ ғасырдағы саяси және рухани өмірінде айрықша із қалдырған, өз халқы үшін күрделі кезеңде аянбай қызмет еткен тұлға. Оның аға сұлтандық қызметі тек аймақтық емес, жалпыұлттық деңгейдегі тарихи маңызға ие. Бұл зерттеу қазақ халқының басқару жүйесіндегі қайраткерлердің рөлін бағалауға және ұлттық тарихты тереңірек ұғынуға елеулі үлес қосады.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Мұқанов С. Қазақтың ХVІІІ–ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. – Алматы: Ғылым, 1976. – 284 б.

2. Жәмішев Т.Қ. Құнанбай Өскенбайұлының қоғамдық-саяси қызметі // Абайтану мәселелері. – Семей: Семей мемлекеттік университеті, 2003. – Б. 56–65.

3. Есмағамбетова К. Қазақ би-шешендері. – Алматы: Санат, 1995. – 216 б.

4. ҚР ОММ қор 4, тізбе 1, іс 272, парақ 8, 9.

5. ҚР ОММ қор 338, тізбе 1, іс 473, парақ 117.

6. ҚР ОММ қор 338, тізбе 1, іс 477, парақ 9.

7. Қасымжанов А.Қ., Зиманов С.З. Қазақ халқының билік дәстүрі. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 320 б.

8. Абдуллин Ә. Құнанбай қажы. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 208 б.

9. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. – Алматы: Алаш, 1995. – 300 б.

## **ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТАРШЕГО СУЛТАНА ВНЕШНЕГО ОКРУГА КАРКАРАЛЫ КУНАНБАЯ УСКЕНБАЕВА (1849–1852 ГГ.)**

*Аскарулы Абай*

**Научный руководитель:** Мырзатаева З.Б.

*В данной статье рассматривается деятельность старшего султана Каркаралинского внешнего округа Кунанбая Ускенбайулы в 1849–1852 годах. Автор анализирует роль Кунанбая, старшего султана Каркаралинского округа, в административном управлении, его политическая репутация и вклад в общественную жизнь на основе архивных данных и исторических трудов. Кроме того, описывается внутриполитическая ситуация в казахском обществе в середине XIX века и его отношение к реформам. А также рассматривается роль султана Кунанбая в изменениях, внесенных в административную систему казахской степи в период с 1849 по 1852 год, его роль в защите интересов местного населения и его роль в регулировании межплеменных отношений. В статье анализируется поддержка Кунанбаем религии и культуры, координация им управления страной через биешенов и старейшин, а также его авторитет среди народа. Это ценный источник для изучения социальной истории казахского народа в XIX веке. Автор описывает структуру управления округа в рамках российской колониальной политики, раскрывая место и влияние Кунанбая в этой системе. Кроме того, на основе исторических данных анализируются его отношения с российской администрацией, конфликты с некоторыми чиновниками и политическая гибкость. В основе исследования лежит тот факт, что Кунанбай Ускенбайулы считается не только отцом Абая, но и исторической фигурой своей эпохи, дальновидной, справедливой и ответственной за судьбу страны. Социально-экономическое положение округа, являвшегося торговым центром региона, было сложным, и участие казахского народа в торговых отношениях напрямую влияло на его социальное положение.*

**Ключевые слова:** Кунанбай Ускенбайулы, Каркаралинский округ, старший султан, XIX век, система управления, административные реформы, казахское общество.

## THE ACTIVITIES OF KUNAMBAY OSKEMBAYULY, SENIOR SULTAN OF THE KARKARALY OUTER DISTRICT (1849–1852)

*Askaruly Abay*

**Scientific Supervisor:** Myrzataeva Z.B.

*This article examines the activities of Kunanbay Uskenbayuly, the senior sultan of the Karkaraly outer district, from 1849 to 1852. The author analyzes Kunanbay's role in administrative governance, his political reputation, and his contribution to public life based on archival data and historical works. Additionally, the article describes the domestic political situation in Kazakh society in the mid-19th century and his attitude toward reforms. It also examines Sultan Kunanbay's role in the changes introduced to the administrative system of the Kazakh steppe between 1849 and 1852, his role in protecting the interests of the local population, and his role in regulating intertribal relations. The article analyzes Kunanbay's support for religion and culture, his coordination of the country's governance through bisheshens and elders, and his authority among the people. This is a valuable source for studying the social history of the Kazakh people in the 19th century. The author describes the district's governance structure within the framework of Russian colonial policy, revealing Kunanbay's place and influence within this system. Furthermore, using historical data, he analyzes his relationship with the Russian administration, his conflicts with certain officials, and his political flexibility. The study is based on the fact that Kunanbay Uskenbayuly is considered not only Abai's father but also a historical figure of his era, far-sighted, just, and responsible for the fate of the country. The socioeconomic situation of the district, a regional trading center, was complex, and the Kazakh people's participation in trade relations directly impacted their social standing.*

**Keywords:** Kunanbai Oskembaiuly, Karkaraly district, senior sultan, colonial administration, administrative reform, Kazakh society, 19th century.

### REFERENCES

1. Mukanov S. Essays on the History of Kazakh Literature of the 18th–19th Centuries. – Almaty: Gylym, 1976. – 284 p.
2. Zhamishev T.K. The Socio-Political Activities of Kunanbay Oskembayuly // Issues of Abai Studies. – Semey: Semey State University, 2003. – Pp. 56–65.
3. Esmagambetova K. Kazakh Biys and Orators. – Almaty: Sanat, 1995. – 216 p.

4. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, fund 4, inventory 1, file 272, sheets 8–9.

5. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, fund 338, inventory 1, file 473, sheet 117.

6. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, fund 338, inventory 1, file 477, sheet 9.

7. Kasymzhanov A.K., Zimanov S.Z. Traditions of Power of the Kazakh People. – Almaty: Zheti Zhargy, 1998. – 320 p.

8. Abdullin A. Kunanbay Qazhy. – Almaty: Ana Tili, 1995. – 208 p.

9. Bokeikhan A. Selected Works. – Almaty: Alash, 1995. – 300 p.